АНА МЕН БАЛАНЫ ҚОЛДАУ

Ана мен баланы қолдау – мемлекеттің басты бағыттарының бірі.

Бүгінде мемлекетімізде балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау жүйесі әртүрлі өмірлік жағдайды қарастырады және мемлекеттік бюджеттен төленетін мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдердің 5 түрін қамтиды. Атап айтқанда:

- бала туғанда берілетін жәрдемақы;
- бала күтімі жөніндегі жәрдемақы;
- көп балалы отбасыға берілетін жәрдемақы;
- көп балалы анаға берілетін жәрдемақы;
- мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы.

Бұдан басқа, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылатын жұмыс істейтін ата-анаға Мемлекеттік Әлеуметтік Сақтандыру Қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) жүктілікке және босануға байланысты, бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша екі түрлі төлем төленеді.

Әлеуметтік салада атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды жетілдіру мақсатында отбасының жекелеген санаттарын қолдаудың қолданыстағы шараларын күшейтуге бағытталған бірқатар жаңалықтар енгізілді.

Ең негізгілерінің бірі – бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылды.

Жаңа туған сәбиінің жанында көбірек болу әр ана үшін маңызды. Ендеше, бұл — аналарға жасалып отырған үлкен қолдау. Осы ретте, аталған норма жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін ата-аналарға да қолданылды. Қазіргі уақытта Алматы облысында 1,5 жасқа дейінгі бала күтімін жүзеге асыратын 28775 жұмыс істейтін және 10269 жұмыс істемейтін ата-ана бар.

Бұған дейін бала күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақы сәби 1 жасқа толғанға дейін төленіп келді. Енді 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы төлем бір жарым жылға ұзартылды. 2022 жылы туған бала үшін жәрдемақы автоматты түрде жарты жылға созылды. Ал 1 қаңтардан кейін туған балаға бірден 1,5 жылға тағайындалды.

Сондай-ақ, бала күтімі бойынша жәрдемақы алуға үміткер әрбір ата-ана оның әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі неғұрлым көп болса, төлем мөлшері соғұрлым жоғары болатынын білуге тиіс. Бұл төлем бүгінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар жүргізілген табыстың 40 пайызына тең. Ал жұмыс істемейтін немесе бала туғанға дейін, соңғы екі жылда 6 айдан кем жұмыс өтілі бар ата-аналар жәрдемақы мен төлемдерге мемлекеттік бюджеттен ғана үміткер бола алады.

Өздеріңізге белгілі, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап отбасындағы әрбір бала санына байланысты Қазақстанда көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы енгізілді.

Қазақстанда құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ 23 жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасылар көпбалалы отбасылар болып саналады.

Кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар және жиырма үш жасқа дейін күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын студенттері бар көпбалалы отбасыларға отбасы табысына қарамастан жәрдемақы тағайындалады.

Сонымен қатар, егер көпбалалы отбасы аз қамтылғандар санатына жатса, яғни орташа жан басына шаққандағы айлық табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-нан төмен болатын болса, жергілікті атқарушы органдарға жүгіну арқылы атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

Одан бөлек, алты бала туған және тәрбиелеген көпбалалы аналарға "Күміс алқа" алқасы беріледі, ал жеті не одан көп бала туған және тәрбиелеген көпбалалы аналар "Алтын алқа" алқасымен марапатталады.

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға ай сайын мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

Отбасында мүгедектігі бар баланың тәрбиелеушісі, оның күтіміне мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы өтініш жасалған күннен бастап баланың мүгедектігінің барлық кезеңіне тағайындалады.

Қорыта келе, қазіргі таңда елімізде балалы отбасыларды қолдаудың кешенді моделі құрылғанын көруге болады. Оған мемлекеттік жәрдемақылар жүйесі, МӘСҚ-тен төленетін әлеуметтік төлемдер, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары, салық салу кезіндегі жеңілдіктер және азаматтар өмірінің барлық кезеңдерінде әлеуметтік қорғаудың басқа да шаралары кіретінін атап өткен жөн.

А.НАРМАТОВ,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің
Алматы облысы бойынша департаментінің
басшысы

МАМАН КЕҢЕСІ

ВАКЦИНАНЫҢ ИММУНИТЕТКЕ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Табиғи инфекциялар ауыр асқынуларды тудыруы мүмкін, мысалы:

— қызамық туа біткен ақауларды тудыруы мүмкін;
— В типті гемофильді инфекция (Hib) ақыл-ой кемістігіне әкелуі мүмкін;
— В гепатиті бауырдың қатерлі ісігін тудыруы мүмкін;
— желшешек — пневмония, плиемиелит — параличке, ал қызылшаның асқынуы өлімге әкелуі мүмкін.

1964-65 жылдары АҚШ-тағы қызамық эпидемиясы 12,5 миллион адамды ауыртты, 2100 жаңа туған нәрестенің өліміне әкеліп соқырды және 11250 түсік түсірді. Бірақ вакцинаның нәтижесінде 2014 жылы АҚШ-та инфекцияның тек 9 жағдайы ғана тіркелді. Вакциналар ауыр зардаптар мен асқынуларсыз ұзақ мерзімді иммунитетті қалыптастырады. Вакцинация кезінде әсер ету дозасы мен уақытын бақылауға болады. Адам бактериялар мен вирустарға табиғи түрде ұшыраған кезде олардың дозасы өте жоғары болады. Тиісінше иммундық жауап пен симптомдар да күшті. Вакциналарды әзірлеу кезінде қорғаныс иммундық реакциясы үшін қажетті бактериялар мен вирустардың ең аз мөлшері алынады. Осылайша қажетсіз белгілердің алдын алады. Мысалы, варикелле-зостер вакцинасының бір дозасы аурудың ауыр түрлерінің алдын алу үшін 100 % дерлік тиімділік пен және 10 жыл бойы желшешектің кез келген түрінен қорғауда 82 % тиімділікпен жеткілікті. Сондай-ақ, егер табиғи инфекция кезінде біз инфекцияның нақты орны мен уақытын біле алмасақ, вакцинациялау кезінде олардың ағзамен өзара әрекеттесуі туралы білеміз және бұл процесті басқара аламыз. Вакциналар ауруларға қарсы жақсы иммунитет береді.

Папиллома вирусына қарсы вакцина вакцинадағы белгілі бір ақуыздың жоғары тазалығына байланысты табиғи инфекцияға қарағанда иммундық қорғанысты жақсы қалыптастырады. Сіреспе ауруын тудыратын токсиннің мөлшері ұзақ мерзімді иммунитетті қалыптастыру үшін жеткіліксіз, сондықтан сіреспемен ауырған науқастарға ауру кезінде сіреспеге қарсы егу ұсынылады.

Екі жасқа дейінгі балалардың иммундық жүйесі В типті гемофильді инфекцияның (Hib) бетіндегі полисахарид қабығына қалыпты жауап бере алмайды, ал вакцинациялау кезінде вакцина бұл сахаридті көмекші ақуызбен байланыстырады, осылайша табиғи инфекцияға қарағанда жақсы қорғаныс тудырады. Сондықтан 2 жасқа дейінгі балаларға В типті гемофильді инфекцияға қарсы егу ұсынылады.

Вакциналар айлакер вирустардан да асып түседі. Коронавирустар, соның ішінде COVID-19 адам ағзасындағы жасушаларға (клеткалар) ауруды тиімді жұқтыру үшін антиденелердіқолдануға қабілетті. Бұл құбылыс «антиденеге тәуелді күшейту» деп аталады. Алайда, Пфайзер мен Модерна бұл құбылысты ескеріп, вакциналарды тек сапалы антиденелердің пайда болуына себеп болатындай етіп жасады. Осылайша инфекция кезінде вакцинаның арқасында ауыр зардаптар пайда болу қайпі болмады. Сондай-ақ Спутник V вакцинасының аралық нәтижелері вакцина енгізгеннен кейінгі антиденелердің жұқпамен ауырғаннан кейін пайда болатын антиденелерге қарағанда «жоғары сапалы» екендігін дәлелдеді.

Г.ЖЫЛҚЫБАЕВА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қызылаяқ бақа – (Rana asiatica Bedriaga) құйрықсыздар отряды, бақалар тұқымдасына жататын, ҚР Қызыл кітабының 3-ші санатына жататын қосмекенді. Денесінің ұзындығы 37-80 мм., тұмсығы үшкір, терісі тегіс, бірақ арқасында жиі бұдырлылық байқалады. Құрсағы ақ немесе қызғылт, артқы бөлігінде қан-қызыл, әсіресе көбею кезінде анық білініп тұрады.

ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕНГЕН ҚЫЗЫЛАЯҚ БАҚА

Қалың өсімдік өскен, батпақты, ағыны жай өзендер мен бұлақтардың жағалауларында, кішкентай тоғандар мен қияқ өлең өскен шалшықтарда кездестіруге болады. Тіршілігінің көп бөлігін құрлықта өткізеді. Күндіз де, ымыртта да белсенді өмір сүреді. Суыққа шыдамды. Уылдырығын сәуірде терең емес, ағысы баяу және түбі әлсіз батпақты суқоймаларда салады. Ұяда 600-1200 уылдырық болады. Көбіне насекомдармен қоректенеді, үш жылда жыныстық жағынан жетіледі. Қызылаяқ бақа Оңтүстік шығыс Қазақстанда, Қырғызстанда және Қытайда мекендейді. Қазақстанда тек Алматы облысында кездеседі. XX ғасырдың ортасында бақа Балқаш-Іле алабында мекендеген, Орталық Тянь-Шаньда және Шарын өзенінің жайылмасында сақталған. Бұл бақалардың Балқаш-Іле алабында жойылып кетуінің ең негізгі себебі – аймақтық климаттың құрғақтануы. Бәсекелес түр көлбақаны жерсіндіруде үлкен маңызға ие. Негізінен антропогендік фактор да яғни, жайылымдық мал шаруашылығының артуына байланысты мекендейтін жерлерінің тозуы да әсер етеді.

Алматы облысы Шарын өзенінің жайылмасында ғана кездесетін қызылаяқ бақаны «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» бұл бақаның популяциясын сақтауды және тұрғындар арасында оны аулауға тыйым салуды қолға алған.

Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі
Мемлекеттік инспектор
Е.Жунисалиев

ЗИМНЯЯ ШКОЛА КАЗНУ

Традиционная зимняя школа КазНУ имени аль-Фараби открыла свои двери для иностранных студентов.

Дипломатические отношения между Кореей и Японией развиваются, укрепляются и совершенствуются с каждым годом. Особенно важно отметить, что в последние годы сотрудничество между Казахстаном и этими государствами в области образования и науки приносит заметные плоды в виде грантовых программ, совместных научных исследований, академических обменов и различных стажировок для студентов, преподавателей и исследователей этих стран.

КазНУ имени аль-Фараби было и остается ведущим центром по подготовке высококвалифицированных специалистов-корееведов и японоведов в Казахстане. За все годы существования кафедры Дальнего Востока, в университете активно осуществляется международное сотрудничество.

В данной статье мы хотели бы подробно остановиться на теме программ совместных академических обменов между Казахстаном и Японией. В этой связи нужно отметить, что одним из самых значимых событий в сфере международного сотрудничества с Японией является подписание договора между факультетом востоковедения КазНУ им. аль-Фараби и Университетами Цукуба и Васседа согласно которому с 2007 года ежегодно направляются студенты нашего факультета для языковой стажировки в высшие учебные заведения Японии, а также японские студенты приезжают в Казахстан для обучения в рамках зимней школы. Далее с внедрением программы академической мобильности в КазНУ аль-Фараби, студенты из других вузов Японии тоже получили возможность приезжать в Казахстан для прохождения обучения в зимней школе.

В этом году по традиции с начала февраля зимняя школа кафедры Дальнего Востока японского отделения факультета Востоковедения КазНУ открыла свои двери для японских студентов. Напомню, что после прибытия японских студентов в город Алматы, их по традиции разместили в Алматы в семьях на базе программы хоумстей. После комфортного размещения студентов на факультете востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби под руководством преподавателей отделения японоведения состоялось торжественное открытие зимней школы для студентов японских университетов.

Таким образом в рамках программы академической мобильности с 6 февраля по 24 марта 2023 года студенты университетов-партнеров нашего университета, Токийского университета иностранных языков, Софийского университета, проходят обучение в зимней школе, организованной преподавателями японского отделения.

Целью зимней школы является укрепление и развитие отношений между странами, между университетами, знакомство с культурой, языком, традициями и историей нашей страны. С каждым годом благодаря этим мероприятиям информация о нашей стране и университете в корейских и японских вузах увеличивается и получает широкое признание. Несомненно, казахстанские студенты, обучающиеся в Корее и Японии, вносят свой вклад в признание своей страны. Также подобные программы вносят большой вклад в узнаваемость нашей страны на международной арене. Студенты не только слушают лекции по языку, культуре и истории нашей страны, но и организовывают со студентами отделения корееведения и японоведения культурно-просветительские мероприятия, студенческие форумы, конкурсы. Кроме того, планируется выезд с иностранными и местными студентами в Центральный музей г.Алматы, базу отдыха «Коктобе», каток «Медеу» и Шарынское ущелье.

Мы убеждены, что реализация программы обучения в рамках зимней школы не только способствуют укреплению отношений между университетами, но и увеличивает мотивацию местных и иностранных студентов обучаться в качестве будущего специалиста в области востоковедения.

Шынар САУДАНБЕКОВА,
Заведующий кафедрой Дальнего Востока
Гульмира ТАЗАБЕКОВА,
Старший преподаватель кафедры Дальнего Востока
КазНУ имени аль-Фараби

Аудандық «Қарадала тынысы – Қарадала нәпәси» газетінің ұжымы газет қызметкері **Баян Мамырбаевағa жездесі, жазушы жерлесіміз Ділдәр Мамырбаевағa жолдасы**

ҚОЙТАЙ ҚЫДЫРӘЛІНІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып қайғырып көңіл айтады.